

3. МЕТАЛЛУРГИЯНЫҢ АЛҒАШҚЫ КӘСІПОРНЫ



Қарағанды өндірістік аймағының тарихын баяндайтын еңбектерде "Ұлы Отан соғысы жылдарында салынып пайдалануға берілген Қазақ металлургия заводы Қазақстан қара металлургиясының тұңғыш кәсіпорны және осы күнгі металлургия комбинатының ізашары болды" делінеді. Шын мәнісінде солай еді. Теміртаудағы кешегі Қазақстан магниткасы, бүгінгі "Испат-Қармет" өз арна басын ел басына күн туған қаһарлы жылдарда іргетасы қаланып, адам нанғысыз аз мерзімнің ішінде іске қосылған Қазақ металлургия заводынан алды. Теміртаудың Қала болып, оның іргелі өндіріс ошағына айналуы да осы заводының арқасы еді.

Сол бір кезенді еске алып, әрі құрылыс жұмысының қандай қиын жағдайда жүргізілгенін соған қарамастан баршаның болашаққа деген сенімімен арқау алған қажырлы еңбек нәтижесінде алыптың алғашқы қарлығаштарының іске қалай қосылғанын көз алдымызға елестететін, ілгерлеген жылдар көшінен алысқа қалған сол кезеңнен килы естеліктер айтатын қариялар біздің ортамызда әлі бар. Олардың бір қатары алыптың өмірге келуі, оның алғашқы қадамдары туралы әр кезеңде жазған өз естеліктерін баспасөз беттерінде жариялап та үлгерді. Мұрағат құжаттары мен сарғайған газет беттерін ақтарып, әрі Қазақ металлургиясының негізін қалаған ардагерлердің естеліктеріне

алады: "Соңғы эшелон 1941 жылдың 30 қыркүйегінде шықты. Шағын 8 вагонға электр станциясының жұмысшылары мен жабдықтары тиелді. Жол өте ауыр соқты. Эшелонды жау үнемі бомбалап, төбеден оқ жаудырып отырды. Әуірімдеп Ростов қаласына жеттік, ал майдан шебі болса осы қаладан небары үш шақырым ғана жерде еді. Сәтін салып жау оғынан құтылып шықтық. Өзіміз баратын Самарқан поселкесіне бір жарым ай дегенде зорға жеттік. Осында келісімен арқаны кеңге салмай бірден қараша айының соңында бізге дейін салынып жатқан ГРЭС-тің монтаждау жұмысын бастап кеттік", ҚарГРЭС сол кезде энергия бере бастады. Мұның өзі болашақ металлургия заводының құрылысын қажетті буындардың бірі ғана болатын. Жұмыс кешенді тұрғыда жүзеге асып жатты. Металл балқытуға қажетті барлық салалар, қосалқы құрылыстар шапшаң іске қосылып жатты. Алғы шарттар жасалып



ұлкен іске кірісуге болады деген шақта, яғни 1943 жылдың мамырында Қазақ металл балқыту заводының құрылысы тікелей басталып кетті. Мемлекеттік Қорғаныс комитеті тарапынан металл заводының құрылысына баса көңіл бөлінді. Соған орай Қазақстан КП/б/ ОК мен республи-

Свердлов (қазіргі Екатеринбург қаласы бөлімшесінің ұжымы дайындаған. Құрылысқа сонымен қатар Құрылыс Халық комиссариатына қарасты "Стальконструкциясы", "Союзмонтаж", "Электромонтаж", "Теплострой", "Сантехника" тәрізді мамандандырылған ұйымдар қатысты. Осы буындар завод құрылысы аяқталған соңда, Арқадағы Алыптың Қазақстан Магниткасы ретінде атағы барша әлемге тараған кешегі күндеріне шейін Теміртауда қызмет істеді.

Ғылыми есептеулермен қоса істі нақты орындау кезінде білікті жұмысшылар қажет болатыны белгілі. Соған орай жұмысшыларды қайта даярлықтан өткізу, оларды жаңа кәсіпке бейімдеу ісі қауырт жүрді. Тарихи құжаттарда "Шамалы уақыт ішінде тас қалаушы, арматуршы, бетоншы, сылақшы, балташы мамандықтары бойынша 1300 жұмысшы даярланды және біліктілікті көтеру комиссиясының аттестациясынан өтті" делінеді. Адамдар бір кәсіппен шектелмей, бір-бірімен сабақтас мамандықтарды да қоса меңгерген. Сол қыркыншы жылдардың ортасында 400 адам бірнеше мамандықты меңгеріп шыққан.

Сол жылдардың сарғайған газет беттерінде Қазақ металлургия заводының әр буынында еңбек еткен Г.К.Иваницкий, В.И.Бочкарев, А.А.Макаров, В.Ф.Шипицин, Д.К.Пилипенко, С.Әубәкіров, И.К.Мұсабаев, М.Ыдырысов, И.И.Деревнин, В.Б.Акт тәрізді көптеген адамдардың аты-жөні кездеседі.

Арқадағы металл заводы мыңдардың еңбегі, тертегет қарған қажырлы іс-қимылы арқылы өмірге келді. Негізгі тізгін сырттан келген мамандар қолында болғанымен, завод құрылысына жергілікті ұлт өкілдері де белсене ат салысып, оның уақытылы пайдалануға берілуіне үлестерін қосты. Сан ұлттық өкілдері қоян-қолтық бірлесіп отырып, тындырымды жұмыс атқарды. Бұл туралы "Правда" газеті сөз кейінірек 1945 жылдың 2-қаңтарындағы санында "Олардың бәрі жанқиярлықпен, адал еңбек етті. Тас қалаушы коммунист Ү.Тұрмағамбетов ауысымда 18 норма берді. Қазір ол еңбектің стаховновтың әдісін нұсқаушысы болып табылады" - деп жазды.



жөнелтеді.

Осы кезеңнің куәгері болған Қарағанды политехникалық институтының кафедра меңгерушісі, профессор Е. Шевцов сол шақты былайша еске алыпты. "30 желтоқсанда бірінші пештің жұмыс алаңында металл қалдықтарының үйіндісі, әк, басқа да металл қорытуға қажет материалдар жатты". Иә, алғашқы балқытылған металдың сел болып ағылар сәтін әркім көруге асықты. Самарқан поселкесіне, бірінші мартен пешін пайдалануға қабылдап алу жөніндегі мемлекеттік комиссия келді. Ол комиссияның Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасының орынбасары Дінмұхаммед Қонаев басқарған.

Металл балқымасын алу әзірлік жұмысы түс ауа басталып кетті. Осы жұмыстың басы-қасында Магнитогорскіден арнайы келген, жаңа пештің аға шебері міндетін атқарушы А.Дремлюга жүрді. Қашанда тың іс, қаншалықты дайынбыз дегенімен кімді болмасын қобалжыта қоймасы анық. Бұл жолы да солай болды. Жұмысшы поселкесінің тұрғындары сол 1944 жылдың 30 желтоқсанындағы түнді ұйқысыз өткерді десе де болғандай еді. Әсіресе осы

сүйене отырып, сол шақтың оқиғасының қажырлы еңбектің қалайша өріс алып, бүкілхалықтық қозғалысқа айналғандығының куәсі боламыз.

Жалпы Қазақ металлургия зауыдының құрылысы соғыстың басталуымен тұспа-тұс келіп, түрлі заңдылықтармен шапшаң қарқын алады. Алдымен жау тылында қалған іргелі кәсіпорындардың жаппай елдің Шығысына көшірілуі басталған кезде,



негізгі жобасы пысықталып қалған жаңа металлургия кәсіпорнының құрылыс орнына адам күші түрлі жабдықтар жеткізіле бастаған. Мәселен өндіріске алдымен электр қуаты қажет десек, орнатуға қажетті жабдықтар сол соғыс басталған жылдың күзінде-ақ батыстан жеткізе бастайды. Ол туралы Украинаның Дзержинский атындағы электр станциясының монтажшысы И.Грицанке былайша еске

ка ХКК кең көлемді шараларды жүзеге асырды. Осы маңызды нысанның құрылысы барысынан бақылау жасау тікелей Қазақстан ХКК төрағасы Нұртас Ондасыновқа жүктеледі. /Наша Магнитка, Алматы, 1983ж./

Қазақтың тұңғыш металл балкыту зауыдының өмірге қалай келгені туралы осы құрылыстың бел ортасында болған бұрынғы металлург, СССР

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ғалым Е.Шевцов өз естелігінде ж а н - ж а қ т ы әңгімелеген. Ол адамдардың құрылыс аландарында тынымсыз еңбек еткендігін, қайткен күнде де өндіріс ошағын пайдалануға береміз деген мақсатты ұран еткендігін айтады.

М ұ р а ғ а т құжаттарында завод құрылысын жеделдету үшін

Қазақ ССР ХКК 1943 жылғы 24 қазандағы шешімімен Самарқан поселкесіне 3 мың адамның шоғырландырылғаны туралы дерек бар. Құрылыс бүкілхалықтық деп жарияланады. Бұл орайда жаңа завод құрылысының ғылыми негізге сүйене жүргізілгенін айту керек. Заводтың жобалық тапсырмалары мен сызбаларын металлургия заводтарын жобалау жөніндегі мемлекеттік комитеттің

1944 жылы завод құрылысында комсомол жастардың 38 бригадасы еңбек еткен. Завод құрылысын жеделдету үшін құрылыста жауынгерлік жексенбіліктер өткізіліп тұрды.

Осы жылдың 9 айы ішінде завод құрылысында 1300 тонна металл конструкциясы, 540 тонна құрастырмалы темір бетон және 150 тонна аспалы крандар конструкциясы монтаждалды.

Күн өткен сайын металл зауыдының алғашқы өнімді беретін кезеңі жақын қалғаны белгілі болды. Ендігі жерде осы металл қорыту зауыдында еңбек ететін мамандарды даярлауға баса көңіл бөліне бастайды. Мыңнан астам қазақтың бозбала жастары жаңа кәсіпті игеру, болат балкыту ісін меңгеру мақсатымен төменгі Тагил, Слапаевск, Белорецк, Ревду және Уралдың басқа да металл заводтарына жөнелтілді. Барша Қазақстан Арка өңірінен алғашқы қорытылатын металлды асыға күтті. Жылдың соңында, яғни 1944 жылдың желтоқсанында сол бір айтулы кезең, Темір балкытатын алғашқы пештің қатарға қосылар күні таяған еді. Уралға жіберілген жастардың алдағы легі де келе бастады. Арқадағы алғашқы металлдың қорытылуына еліміздің Қара металлургия Халық комиссариаты да баса көңіл бөлді. Жергілікті жас металлургтерге, білім алып, жаңа кәсіпті меңгергендерге жетекшілік етіп, ақыл-кеңес беру үшін Белорецк, Петровск-Забайкальск, Амурдағы Комсомольск тәрізді ірі метал заводтары жұмыс істейтін өңірлерден Самарқан поселкесіне мамандар тобын

жауапты істі мойнына алған жандардың көңілі әрі-сәрі еді. Мына, соғыстың қайнаған жылдарында қолға алынған үлкен істің нәтижесі күні ертен белгілі болмақ. Адам болжап білмейтін әлде бір кедергілер, жұмыс процесінің барысында қол байлау жағдайлар кездесіп қалмасына кім кепіл. Әсіресе алғашқы балқыману алу мойнына жүктелген болат балкытушыларды осы мәселе қатты қинаған.

Рас, олар сол бір кезде күні ертен өздерінің құрыш қаланың тарихында есімдерінің мәңгілік қаларын ойлаған жоқ. Барлық мақсат пен мүдде Совет әскерлерінің жауды өз ұясына дүркірете қуып бара жатқан кезеңінде тылда өздерінің де босқа қарап жатпағандығын, майданды қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету жолдарында күн-түн демей қажырлы еңбек еткендерін дәлелдеу, оған алдындағы адал борыштарын атқарғандықтарын нақты іспен таныту болатын. Сонымен тәжірибелі болатшы, Магнитогорскідегі ерен еңбегімен ерекшеленген, арнайы жолдамамен Қазақстанға, салынып болған заводқа келген Дремлюганың бұйрығымен пештің көмейін тиісті материалдармен толтыру ісі басталып та кетті. Бұл Арка қысының қысқа күні еді, көкжиекке иек артқан шақ, яғни 1944 жылдың 30 желтоқсаны еді. Бәрі ертенгі күнді асыға күтті. Ал ол Қазақстан тарихына енетін ерекше күн болатын...

Е.ЛҰҚПАН,
А.АҚЫН